ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 ақпан №4360-24-00-2/7 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кызайбай ГС» атауымен әрекет етуші Қызайбаев Ғазиз Советбайұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Кызайбай ГС» атауымен әрекет етуші Қызайбаев Ғазиз Советбайұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Кызайбай ГС» атауымен әрекет етуші Қызайбаев Ғазиз Советбайұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Кызайбай ГС» атауымен әрекет етуші Қызайбаев Ғазиз Советбайұлы жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 103 752 (бір жүз үш мың жеті жүз елу екі) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 3113 (үш мың бір жүз он үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер «Кызайбай ГС» атауымен әрекет етуші Қызайбаев Ғазиз Советбайұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 02.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2024, судья Бержанов К. М., 15.03.2024
4360-23-3-1/3588

шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2024, судья Бержанов К. М., 15.03.2024

4360-23-3-1/3588